Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** Гүл табақ **Сурет салу:** Дөңгелек ортасына ұзын сызықтар қосу. **Мүсіндеу:** Табақ жасап ортасын басу. **Жапсыру:** Гүл өрнегін орналастыру. **Нәтиже:** Табақ	**Тақырыбы:** Көңілді шар **Сурет салу:** Дөңгелек шар салу. **Мүсіндеу:** Шар пішінін жасау. **Жапсыру:** Шарды симметриямен орналастыру. **Нәтиже:** Дөңгелек бейнелерді таниды. **Сурет**	**Тақырыбы:** Әдемі тостаған **Сурет салу:** Дайын пішінді толықтыру. **Мүсіндеу:** Тостаған жасап тереңдету. **Жапсыру:** Тостаған бетіне ою жапсыру. **Нәтиже:** Тостаған пішінін жасайды.	**Тақырыбы:** Оюлар әлемі **Сурет салу:** Саусақпен өрнек ізі түсіру. **Мүсіндеу:** Ұсақ бөліктерді біріктіру. **Жапсыру:** Симметриялы ою орналастыру. **Нәтиже:** Симметриялық пішіндерді	**Тақырыбы:** Шебер қолдар күні **Сурет салу:** Еркін тақырыпта дөңгелек, ұзын пішіндер салу. **Мүсіндеу:** Кесе немесе табақ мүсіндеу. **Жапсыру:** Ұлттық оюларды үйлестіріп

	мүсіндеу тәсілін меңгереді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	орналастырады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	жапсыру. **Нәтиже:** Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді, кесе, табақ пішінін тереңдетіп жасайды, симметриялы ою-өрнектерді орналастырады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.

Наурыз4-апта
Балапан Кіші 2-3-жас
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта Дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

https://www.youtube.com/watch?v=JrFf8c6As7I&utm_source=chatgpt.com

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **23.02.2026 Демалыс**	**Сейсенбі** **24.02.2026Демалыс**	**Сәрсенбі** **25.02.2026Демалыс**	**Бейсенбі** **26.02.2026**	**Жұма** **27.02.2026**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен күтіп алу, әр баланы атымен атап, үйде нестеді ,немен айналысты , демалыста қайда қыдырды сұрау **Медбике тексеруі,**	Баланы есік алдында күлімдеп қарсы алу. Қолын ұстап, топқа бірге кіру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу	Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау

	фильтр дәптерін толтыру **Балалар жиналған соң ҚР гимн орындату**		**Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	**Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	**Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Баланың тамақтануы, ұйқысы және жалпы жағдайы туралы сұрау. Қыс мезгілі келгенін балаларды жылы киіндіру туралы ескерту	**Ата-анаға кеңес:** Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	**Психологтың кеңесі:** Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	**Ата-аналармен әңгіме:** Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	**Ата –аналармен әңгіме**: Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тақырыбы:** Бесікпен танысу **Міндеті:** Бесікті таныстыру, қызығушылық ояту. **Тіл дамыту :** «Бесік қайда?» – тәрбиеші «Бесік қайда?» деп сұрайды, балалар бесікті көрсетеді, «бесік» сөзін қайталайды. **Көркем әдебиет :** «Тыңда да тербет» – қысқа бесік жырын тыңдап отырып, қуыршақты бірге тербету. **Нәтиже:** Балалар «бесік» сөзін таниды, қызығушылық танытады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Әлди айту **Міндеті:** Бесік жыры арқылы тыныштандыру. **Тіл дамыту :** «Әлди деп айт» – тәрбиеші «әлди» дейді, балалар қайталайды. **Көркем әдебиет :** «Ұйықтатамыз» – бесік жырын айтып, қуыршақты ұйықтату. **Нәтиже:** Балалар «әлди» сөзін айтады, тынышталады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Қуыршаққа қамқорлық **Міндеті:** Қамқорлық сезімін дамыту. **Тіл дамыту (ойын):** «Жат, бөпем» – балалар қуыршаққа «жат», «ұйықта» деп айту. **Көркем әдебиет (ойын):** «Әлди әуені» – жай әуенмен қысқа өлең тыңдау. **Нәтиже:** Балалар қарапайым сөздерді қолданады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Халық әні **Міндеті:** Халық әніне назар аударту. **Тіл дамыту (ойын):** «Қайталайық» – әндегі бір сөзді (мысалы, «ай») қайталау. **Көркем әдебиет (ойын):** «Қол шапалақ» – ән ырғағына сай қол шапалақтау. **Нәтиже:** Балалар әнге еліктейді. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Ертегі тыңдау **Міндеті:** Тыңдау дағдысын қалыптастыру. **Тіл дамыту (ойын):** «Бұл кім?» – суреттен кейіпкерді көрсету. **Көркем әдебиет (ойын):** «Дыбысын сал» – жануар кейіпкер болса, дыбысын келтіру. **Нәтиже:** Балалар кейіпкерді таниды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу	**Таңғы жаттығу №16** Қолды жоғары-төмен көтеру Доппен лақтыру және алу Түрлі текстуралы заттарды сезу	**Таңғы жаттығу №17** Қолды жоғары-төмен көтеру Доппен лақтыру және алу Түрлі текстуралы заттарды сезу	**Таңғы жаттығу №18** Жануар қозғалысын қайталау (мысық, ит, құс) Доппен лақтыру және алу (ұсақ және ірі моторика) Түсті таныстыру: ойыншықтарды көру және қолмен ұстап алу	**Таңғы жаттығу №19** Қарапайым музыкамен айналу, билеу (ырғақ сезімі) Қол мен аяқ үйлестіру (секіру қол көтеру) Жұмсақ массаж немесе сенсорлық ойын (қол мен аяқ)	**Таңғы жаттығу №20** Бір орында айналу , жеңіл секіру Жануар дыбысын шығарып, қимыл жасау Құм немесе сулы ойыншықпен ойнау (сенсорика, ұсақ моторика)

Таңғы ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау
Кесте бойынша ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Құммен ойнау» – Сенсорлық қабылдау және ұсақ мотериканы дамыту** **Мақсаты:** Сенсорлық тәжірибені және ұсақ мотериканы дамыту. **Ойын барысы**: Балаға құм немесе жұмсақ заттармен ойнауға рұқсат ету. Ол құмды ұстап, араластырып, әртүрлі пішіндер жасау. **Нәтиже:** Сенсорлық тәжірибені және ұсақ моторика дамиды **Өрт кезінде қауіпсіздік**	**Дене тәрбесі** **«Бос орыннан еңбекте» – Қол-аяқ координациясын және қимыл белсенділігін дамыту** **Мақсаты:** Қимыл үйлесімділігі мен координацияны дамыту. **Ойын барысы:** Еденде кеңістік жасап, балаға сол кеңістікте еңбектеуді ұсыну Бұл жаттығу әсіресе еңбектеуді жаңа үйренген балалар үшін пайдалы. **Нәтиже:** Қимыл үйлесімділігі мен координацияны ұштастыра алады	**Дене тәрбиесі** **«Қолдан жасалған ойын алаңы» – Қозғалыс белсенділігін дамыту** **Мақсаты**: Баланың физикалық белсенділігін арттыру. **Ойын барысы:** Үй ішінде жастықтар мен жұмсақ ойыншықтардан шағын алаңша жасау. Бала оларды айналып өтуі немесе үстінен секіруі керек. **Нәтиже:** Баланың физикалық белсенділігі артады	**Музыка** **«Музыкалық қорапшаны аш» – Танымдық және есту қабілеттерін дамыту** **Мақсаты:** Баланың зейінін және есту қабілетін дамыту. **Ойын барысы:** Музыкалық қорапшаны балаға көрсетіп, оны қалай ашып, музыка шығаратынын көрсету. Бала қорапшаның ашылуымен әуеннің басталатынын түсіну. Бұл ойын баланың зейінін және музыкалық есту қабілетін жетілдіреді.	**Қаржылық сауаттылық – ақша** **Іс-әрекет:** Жасанды ақша беріп, ойыншық сатып алу ойыны. **Ұлттық құндылық:** «Еңбек – байлықтың кілті»

	сақтау **Іс-әрекет:** «Отқа жолама» ойынын ойнау, қолды жоғары көтеріп шығу жаттығуы. **Ұлттық құндылық:** «От – досың да, қасың да» мақалын қайталату.	**Салауатты өмір салды дағдысы тақырыбы: «Тамақ — денсаулық кепілі»** **Міндеті:** Дұрыс тамақтану әдетін қалыптастыру. **Іс-әрекет:** Пайдалы тағамдарды атау (ботқа, сүт, алма).	Ұлттық ойын элементтері арқылы қимылды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Қазақтың қарапайым ұлттық ойын элементі ретінде жұмсақ домалақ зат (тас орнына доп) домалатылады. Бала допты итеріп, ересекке қарай домалатады	**Нәтиже: :** Баланың зейінін және есту қабілеті жақсарады Демалыс пен тыныштықтың маңызын сезіндіру **Іс-әрекет барысы:** Баяу әуен қосылады. Ересек баланы жаймен тербетеді, тыныш қимыл көрсетеді. Бала тынышталып, әуен тыңдайды	
2-ші таңғы ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен№31** **"Көктемгі түстер"** **Бақылау:** Табиғаттағы түрлі түстерді қарастыру. **Еңбекке баулу:** Түрлі	**Серуен№32** **"Ағаштардың түрлері"** **Бақылау:** Әртүрлі ағаштардың қабығын зерттеу. **Еңбекке баулу:** Ағаш	**Серуен№33** **"Көктемгі құм мен саз"** **Бақылау:** Құрғақ және дымқыл құмды қарау. **Еңбекке баулу:** Құм жәшігін ретке келтіру.	**Серуен№34** **"Көктемгі жел"** **Бақылау:** Желдің бағытын бақылау. **Еңбекке баулу:** Желден кейін аумақты тазалау.	**Серуен№35** **"Көктемгі музыка"** **Бақылау:** Табиғи дыбыстарды тыңдау (жапырақтың сыбдыры, құстардың әні).

	түсті тастарды жинау. **Тәжірибе:** "Түстерді табу" (Балалар белгілі бір түстегі заттарды іздейді). **Қимылды ойын:** "Түсті тап" (Балалар айтылған түсті көрсетеді). **Сөйлеу дағдысы:** "Көктемде қандай түстер жиі кездеседі?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	түбін қоқыстан тазалау. **Тәжірибе:** "Ағаштардың айырмашылығы қандай?" (Қабығын сипап көру). **Қимылды ойын:** "Ағаштар желде шайқалады" (Балалар ағаштар сияқты қозғалады). **Сөйлеу дағдысы:** "Ағаштар қандай?" (Жуан, жіңішке, биік, аласа). (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Тәжірибе:** "Сумен араласқан құм қалай өзгереді?" **Қимылды ойын:** "Құмдағы іздер" (Балалар құмда із қалдырады). **Сөйлеу дағдысы:** "Құммен не жасауға болады?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Тәжірибе:** "Жел қағазды қалай ұшырады?" **Қимылды ойын:** "Желмен жарысу" (Балалар жел сияқты жүгіріп, тоқтайды). **Сөйлеу дағдысы:** "Жел қалай соғады?" (Ақырын, қатты). (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**	**Еңбекке баулу:** Табиғатқа зиян тигізбеуді үйрету. **Тәжірибе:** "Құстар әнін қайталау". **Қимылды ойын:** "Дыбыс қайдан шығады?" **Сөйлеу дағдысы:** "Көктемгі дыбыстар қандай?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс **Қоршаған әлеммен таныстыру**
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскі ас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді.	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

	(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)				
Күндізгі ұйқы	**Бесік жыры** мен **қазақтың ертегілерін айту.** Бұл әдіс баланы тыныштандырып, ұйқыға дайындайтын ерекше әрі дәстүрлі әдіс. **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	Бала белгілі бір әдетке үйренген болса (мысалы, белгілі бір ойыншығымен ұйықтау, төсегінің жанында жарық шамының жануы), оны сақтау. **(Көркем әдебиет)**	Қызықты әңгіме айту немесе қиял ойыныБаланың елестету қабілетін дамыту үшін қызықты, бірақ тыныш әңгімелер айтыңыз. **(Көркем әдебиет)**	**Бесік жыры** мен **қазақтың ертегілерін айту.** Бұл әдіс баланы тыныштандырып, ұйқыға дайындайтын ерекше әрі дәстүрлі әдіс. **(Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)**	Бала белгілі бір әдетке үйренген болса (мысалы, белгілі бір ойыншығымен ұйықтау, төсегінің жанында жарық шамының жануы), оны сақтау. **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру**Мәдени – гигиеналық шараларды дамыту**	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындауДене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету	**Керуеттегі жаттығулар (2-3 минут)** Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару,	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **физикалық дағдыларды қалыптастыру**	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »**
Бесін ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Тақырыбы:** Қызықты көпір **Міндеті:** Құрастыру дағдысын жетілдіру. **Сенсорика:** Ұзын-қысқа бөлшектерді таңдау. **Құрастыру:** Көпір жасап көру. **Нәтиже:** Қарапайым құрылыс жасай алады.	**Тақырыбы:** Түрлі пішінді қала **Міндеті:** Пішіндерді бекіту. **Сенсорика:** Пішініне қарай топтастыру. **Құрастыру:** Қала макетін құрастыру. **Нәтиже:** Пішіндерді дұрыс таңдайды.	**Тақырыбы:** Кім шапшаң? **Міндеті:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Сенсорика:** Берілген түсті тез табу. **Құрастыру:** Барлық бөлшекті қорапқа жылдам әрі ұқыпты жинау. **Нәтиже:** Құрылыс бөлшектерін жинастырады.	**Тақырыбы:** Түстерді араластырмайық **Міндеті:** Заттарды топтастыру. **Сенсорика:** Түстерді бөлек ыдысқа салу. **Құрастыру:** Әр түстен бөлек құрылыс жасау. **Нәтиже:** Топтастыру дағдысы қалыптасады.	**Тақырыбы:** Құрылысшылар күні **Міндеті:** Алған білімді бекіту. **Сенсорика:** Түсін, көлемін, пішінін атау. **Құрастыру:** Еркін тақырыпта шағын құрылыс жасау. **Нәтиже:** Заттардың көлемін, түсін, пішінін

	Сенсорика, Құрастыру іс-әрекеті	**Сенсорика, Құрастыру іс-әрекеті**	**Сенсорика, Құрастыру іс-әрекеті**	**Сенсорика, Құрастыру іс-әрекеті**	білдіретін сөздерді түсінеді, құрылыс бөлшектерін ұқыпты жинастырады. **Сенсорика, Құрастыру іс-әрекеті**
Жеке баламен жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Міндет:** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Ләйлә өз ата-анасын суреттен тапты	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Қимыл-қозғалысты дамыту **Іс-әрекет барысы:** Радмир қолдарын көтеріп, секіру жаттығуын жасады	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Сөйлеуді дамыту **Іс-әрекет барысы:** Наргиз тәрбиешімен бірге тақпақ айтты	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Міндет:** Танымдық-зияткерлік қабілеттерін жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Дарын түстерді топтап, сұрақтарға жауап берді	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Шығармашылық қабілеттерін дамыту **Іс-әрекет барысы:** Арлан ермексаздан қарапайым ойыншық жасады
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	**Серуен картотекасы № 36** **«Табиғатпен танысу» ойыны** **Мақсаты**: Балаларды табиғатпен таныстыру, өсімдіктер мен жануарлар туралы түсінік беру. **Ойын барысы**: Балабақша ауласында немесе табиғатта жүргенде түрлі табиғи материалдарды (жапырақ, гүл, тас, бұтақ) жинау.	**Серуен картотекасы №37** **«Табиғатқа көмектес» ойыны** **Мақсаты**: Балаларды табиғатты қорғауға үйрету. **Ойын барысы**: Түрлі рөлдер (құстар, жануарлар, ағаштар) ойнайтын ойыншықтар немесе суреттер. Балалар табиғаттағы рөлдерге бөлініп, табиғатты қорғау жөнінде кішкентай сахналар ойнайды. Мысалы, «Құстардың ұя салып жатқаны» немесе «Ағаштар	**Серуен картотекасы №38** **«Табиғат серуені» ойыны** **Мақсаты**: Балаларды табиғатқа шығару, бақылау дағдыларын дамыту. **Ойын барысы**: Балабақша ауласында немесе саябақта серуен ұйымдастыру. Серуен барысында балаларға жапырақтар, гүлдер, жәндіктер, құстарды бақылау ұсынылады. Балалар өздері көрген нәрселерді атап айтып, дыбыстарын салу арқылы ойынға қатысады.	**Серуен картотекасы №39** **«Жасыл жапырақ» ойыны** **Мақсаты**: Балаларды экологиялық түсініктермен таныстыру, жапырақтар мен гүлдер туралы білу. **Ойын барысы**: Түрлі жапырақтар мен гүлдердің суреттері немесе өздері жиналған жапырақтар. Балалар жапырақтарды немесе гүлдерді бөліп, олардың түсі, формасы	**Серуен картотекасы №40** **«Табиғаттың дыбыстары» ойыны** **Мақсаты**: Балаларды табиғаттағы дыбыстарды тануға үйрету. **Ойын барысы**: Табиғаттағы дыбыстарды жазып алған аудио жазбалар немесе дыбыстық ойыншықтар (құстардың, судың, желдің дыбыстары). Балаларға дыбыстарды тыңдату. Әр дыбысты тыңдап, қайсысы екенін анықтауға тырысады.

	Балаларды жинаған материалдарымен таныстырып, олардың түсі, формасы, текстурасы туралы айту. Мысалы, «Бұл жапырақ жасыл, ол ағаштан шыққан. Ал мына гүл қандай әдемі!». Жиналған материалдармен қарапайым шығармашылық жұмыстар (жапсырмалар, сурет салу) ұйымдастыру. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	су ішіп жатыр» сынды көріністер. Ойынды аяқтаған соң, балаларға табиғатқа көмектесудің жолдары туралы сұрақтар қою. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру .	Серуен соң, балалармен бірге көргендері туралы талқылау жүргізу. Олардың эмоцияларын тыңдау, табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	мен текстурасы туралы айту. Балалар жапырақтардан жапсырмалар жасап, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру	«Бұл дыбыс неден шықты? Қайда естілді?» деп сұрау. Балаларды өз пікірлерін айтуға ынталандыру. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған әлеммен таныстыру
Серуеннен оралу	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	**Киімдерді ретке келтіру:** Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. **Қажет болған жағдайда киім ауыстыру:** Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.**Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне –өзі қызмет етуге баулу**

Кешкі ас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** Алма **Сурет салу:** Саусақпен қызыл дөңгелек алма салу. **Мүсіндеу:** Домалақ ермексаздан алма жасау, кішкентай сабағын қосу. **Жапсыру:** Жасыл жапырақты алманың үстіне жапсыру. **Нәтиже:** Дөңгелек пішінді бейнелейді, бөліктерді біріктіреді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Кемпірқосақ **Сурет салу:** Қағазға түрлі-түсті ұзын сызықтар салу. **Мүсіндеу:** Ұзынша түрлі түсті бөліктерді қатар орналастыру. **Жапсыру:** Жарты дөңгелек пішіндерді ретімен жапсыру. **Нәтиже:** Ұзын пішіндерді бейнелейді, түстерді ажыратады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Әдемі білезік **Сурет салу:** Дөңгелек іздер қалдыру. **Мүсіндеу:** Ұзынша бөлікті біріктіріп білезік жасау. **Жапсыру:** Білезікке симметриялы ою жапсыру. **Нәтиже:** Кесектерді біріктіреді, оюды орналастырады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Балық **Сурет салу:** Сопақша пішін салып, құйрығын толықтыру. **Мүсіндеу:** Сопақ пішін жасап, ұшын жалпақтау. **Жапсыру:** Балықтың көзін, қабыршағын жапсыру. **Нәтиже:** Ұзынша пішіндерді бейнелейді. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Кесе безендіру **Сурет салу:** Дайын кесе бейнесін бояп толықтыру. **Мүсіндеу:** Кесе жасап, жоғары бөлігін тереңдету. **Жапсыру:** Ұлттық оюларды кесе бетіне орналастыру. **Нәтиже:** Кесе мүсіндеуде тереңдету тәсілін қолданады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**
Балалардың үйге қайтуы	«Балалардың ертегілерді тыңдауы» ата аналарға арналған кеңес.	«Топта ыңғайлы аяқ киім кию» туралы ата аналармен әңгімелесу.	Балаларға денешынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметіне киім туралы айту.	«Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру»	Жолда жүру ережесі сақтау

Наурыз 5-апта
Балапан Кіші 2-3-жас
Тәуелсіздік және отаншылдық айы
Апта Дәйексөзі: «Өнерлі бала өрге жүзер»

Құрманғазы — «Серпер» күйі
https://www.youtube.com/watch?v=OMwr7zSNiOI&utm_source=chatgpt.com

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **30.03.2026**	**Сейсенбі** **31.03.2026**			
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау** ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әр ата-ана өз үлесін қосу арқылы топтың дамуына көмектесетінін түсіндіру. Ата-аналар бір-біріне қолдау көрсетудің маңызын ұғынады.	Әрбір ата-ананың іс-әрекеті балаға үлгі екендігі. Бала ата-ананың еңбекқорлығын бақылап үйренету Баланың көзінше жұмысты ынтамен атқарып, қуанышпен орындау.			
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Тақырыбы:** Бесікке бөлеу **Міндеті:** Ұлттық дәстүрді ойын арқылы бекіту. **Тіл дамыту (ойын):** «Бөледік» – «ора», «жатқыз» сөздерін қайталау. **Көркем әдебиет (ойын):** Әлди айтып отырып, қуыршақты бөлеу. **Нәтиже:** Балалар бөлеу әрекетін орындайды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Қол қимылы **Міндеті:** Ұсақ моториканы дамыту. **Тіл дамыту (ойын):** «Алақан» – алақанды ашу-жұму, «аш», «жап» сөздерін айту. **Көркем әдебиет (ойын):** Саусақ ойынына арналған қысқа тақпақ айту. **Нәтиже:** Балалар сөзді қимылмен байланыстырады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**			

Таңертенгі жаттығу	**№21 жаттығу** Қолды жоғары-төмен көтеру Құмалақ қозғалысы (қолмен дөңгелек) Доппен ойнау	**Жаттығу №22** Бір аяқты көтеріп тұру Қарапайым музыкамен айналу Түрлі текстуралы заттарды сезу			
Таңғы ас	Балаларды тамақтану алдында қол жуғызу Үстел басында отыру ережесін түсіндіру . Қол шапалақтап, қуанышын көрсетеді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу			
Кестеге сай ҰІӘ	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Арқан арқылы» **Міндеті:** Арқан астынан еңбектеу арқылы қозғалысты үйлестіру **Дене әрекеті (ойынмен):** Балалар арқанның астынан төрттағандап еңбектейді, ойыншыққа жетеді **Нәтиже:** Балалар арқан астынан өту дағдысын меңгереді	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** «Қарапайым кедергілер» **Міндеті:** Әр түрлі заттардың үстінен, астынан еңбектеу арқылы икемділікті дамыту **Дене әрекеті (ойынмен):** Балалар әртүрлі кедергілердің үстінен, астынан өтеді **Нәтиже:** Балалар әртүрлі кедергілер арқылы қозғала алады			

	Қауіпсіздік бөлмеде **Іс-әрекет:** Қауіпті заттарды көрсетіп, қол тигізбеуді үйрету (пышақ, ток). **Ұлттық құндылық:** «Жақсының сөзін тыңда» мақалын айту.	**Ұлттық құндылықты дамыту** **Міндеті:** Ұлттық тағамдармен таныстыру. **Іс-әрекет барысы:** Сурет арқылы бауырсақ, қымызды танып, атау.			
2-ші таңғы ас	Жеміс-жидектерді бөліп жеу арқылы ұжымдық тамақтану дағдыларын дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**			
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.			
Серуен	**Серуен картотекасы №** **Міндет:** Әр бала үстелдегі құралды өз орнына қою. **Орын:** Бөлме **Іс-әрекет:** «Даланы бақылау» – балалар судың айырмашылығын сезеді, қолмен ұстайды. **Еңбекке баулу:** Құралдарды жинау, үстелді ретке келтіру. **Көктемгі моторикалық ойын:** «Допты ұстап жүру» – балалар допты қолмен ұстап, белгіленген қашықтыққа апарады.	**Серуен картотекасы№** **Міндет:** Әр бала өз салған фигурасын жинап, алаңды таза ұстайды. **Орын:** Дала **Іс-әрекет:** «қаламмен сурет салу» – әр бала әртүрлі фигуралар салады. **Еңбекке баулу:**қалған қалдықтарды жинау. **Көктемгі моторикалық ойын:** «секіру эстафетасы» – әр бала үстінде белгіленген нүктеге секіреді. **Еңбекке баулу , эксперименттік ойын, тіл**			

	Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту еңбекке баулу қоршаған әлеммен таныстыру	**дамыту дағдылары Қоршаған әлеммен таныстыру**			
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**			
Түскі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**			
Күндізгі ұйқы	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды			

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	. Балаларға қиял әлемін сыйлап, оянуды қызықты ету.Балалардың төсектерінің қасында тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!" **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау Табанмен жеңіл айналмалы қозғалыстар жасау. Массаж элементі ретінде дөңгелек тастар, түйірші резеңке, массаж доптары қолдану			
Бесін ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Тақырыбы:** Қуыршаққа үй салайық **Міндеті:** Үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдарын бекіту. **Сенсорика (ойын):** «Қай үй биік?» – екі құрылысты салыстыру. **Құрастыру (ойын):** Қуыршаққа шағын үй құрастыру. **Нәтиже:** Көлем мен биікті ажыратады, қарапайым құрылыс жасайды. **Сенсорика ,Құрастыру таным іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Түрлі түсті жолдар **Міндеті:** Түстерді сәйкестендіру. **Сенсорика:** «Өз түсіңді тап» – берілген түске сәйкес текшені таңдау. **Құрастыру:** Бір түспен ұзын жол жасау. **Нәтиже:** Түстерді дұрыс таңдайды, жол құрастырады. **Сенсорика ,Құрастыру таным іс-әрекеті**			

Баламен жеке жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Шығармашылық дағдыларды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Алан ермексазды илеп, біріктіру арқылы ойыншық мүсіндеді	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс** **Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту **Іс-әрекет барысы:** Қайсар бағыт бойынша жүреді, жүгіреді, баспалдақпен жоғары-төмен қозғалды			
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).			
Серуен	**Серуен картотекасы №** **Міндет:** Әр бала ойын құралдарын орнына қоюға жауапты. **Орын:** Дала **Іс-әрекет:** қозғалыс ойындары – секіру, жүгіру, тепе-теңдік жаттығулары. **Еңбекке баулу:** Құралдарды жинау, алаңды ретке келтіру. **Қысқы моторикалық ойын:** «кедергілер жолы» – балалар жасалған кедергілер арқылы жүреді немесе секіреді. **Еңбекке баулу дағдысы, танымдық**	**Серуен картотекасы №** **Міндет:** Әр бала бір құралды орнына қояды. **Орын:** Бөлме **Іс-әрекет:** «көктемгі табиғат фото-суреттері» – балалар суретке қарап қағазға салады немесе пластилиннен мүсін жасайды. **Еңбекке баулу:** Қолданған құралдарды жинау, үстелді тазалау. **Қысқы моторикалық ойын:** «баланстық жол» – балалар тік сызық бойымен жүреді, тепе-теңдікті сақтайды. **Еңбекке баулу дағдысы, танымдық дағдылар**			

	дағдылар Қоршаған әлеммен таныстыру	**Қоршаған әлеммен таныстыру**			
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**			
Кешкі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттi-рөлдік, үстел үстi-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**Тақырыбы:** Қуыршаққа тостаған **Сурет салу:** Дөңгелек ыдысты толықтыру. **Мүсіндеу:** Тостаған жасап, ортасын саусақпен басу. **Жапсыру:** Тостағанға шағын өрнек жапсыру. **Нәтиже:** Пішінді тереңдетіп жасайды. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру шығармашылық іс-әрекеттері**	**Тақырыбы:** Оюлы табақ **Сурет салу:** Дөңгелек пішін салу. **Мүсіндеу:** Табақ жасап, шетін тегістеу. **Жапсыру:** Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін симметриямен орналастыру. **Нәтиже:** Симметриялық пішіндерді орналастырады, ұқыптылық дағдысы дамиды. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру**			

		шығармашылық іс-әрекеттері			
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.			

Сәуір 1-апта
Балапан Кіші 2-3-жас
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
Апталық дәйек сөз: **«Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап.»**

https://www.youtube.com/playlist?list=PLYowElR0mJR1I5_dpO1zTRHL43nXk08R8&utm_source=chatgpt.com **Адай күйі**

Күн тәртібі			**Сәрсенбі** **01.04.2026**	**Бейсенбі** **02.04.2026**	**Жұма** **03.04.2026**
Балаларды қабылдау			Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру			Психологтың кеңесі: Баланың эмоциялық реакцияларды тануға және оларды білдіруге көмектесу. Жауап беру мен түсіністік танытуын сұрау.	Ата-анаға кеңес: Баланың сөйлеу қабілетін дамыту үшін күнделікті сөйлесулер мен сөздер үйретудің маңыздылығы туралы айту. Тек сөздер ғана емес, сол сөздермен байланысты іс-әрекеттерді көрсету туралы ұсыну.	Психологтың кеңесі: Баланың балабақшаға бейімделу процесі (мінез-құлқы, эмоциялары, басқа балалармен қарым-қатынасы) туралы әңгіме жүргізу
Балалардың іс-әрекеті			**Тақырыбы:** Біздің достарымыз.	**«Жел мен жаңбыр»**	**«Ойыншықтар қонақта»**

(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)			**Міндеті:** Жануарлардың дыбыстарын (еліктеу сөздерін) дұрыс қайталауға үйрету, сурет бойынша сұраққа жауап беру. **Тіл дамыту ойыны:** «Кім қалай дыбыстайды?». **Барысы:** Тәрбиеші мысықтың, иттің суреттерін көрсетеді. «Мысық қалай дыбыстайды? – Мияу-мияу». Баламен бірге қайталау. Содан кейін артикуляциялық жаттығу: «Мысық сүт ішеді» (тілмен жалау қимылы). **Көркем әдебиет ойыны:** «Кішкентай мысық». **Барысы:** Мысық туралы қысқа тақпақ оқу. Суреттен мысықтың құлағын, құйрығын көрсетуін сұрау. «Мысық не істеп жатыр?» деген сұраққа «Ойнап жатыр» деп жауап беруге ынталандыру. **Нәтиже:** Бала «мияу», «ав-ав» сөздерін қайталайды, суреттегі жануарды таниды **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Табиғат дыбыстары. **Міндеті:** Тыныс алу аппаратын дамыту, «там-там» дыбыстарын анық айту. **Тіл дамыту ойыны:** «Жел үрлейді». **Барысы:** Баланың қолына кішкентай мақта немесе қағаз қиындысын қойып, «У-у-у» деп желше үрлеуді көрсету. Содан кейін саусақтармен үстелді ұрып: «Там-там-там, жаңбыр жауды» деп қайталау. **Көркем әдебиет ойыны:** «Күн мен жаңбыр». **Барысы:** Жаңбыр туралы суретті қарау. «Күн қайда?», «Жаңбыр қайда?» деп сұрау. Бала сурет бойынша «Күн жарқырайды», «Жаңбыр жауды» деген тіркестерді қайталайды. **Нәтиже:** Бала демді дұрыс шығарады, «там-там» сөзін ырғақпен айтады. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**	**Тақырыбы:** Сүйікті ойыншықтарым. **Міндеті:** Қарапайым сөз тіркестерін (2-3 сөз) айтуға дағдыландыру. **Тіл дамыту ойыны:** «Машина жүреді». **Барысы:** Ойыншық машинаны жүргізіп: «Би-би! Машина жүрді» деу. Баладан қайталауын сұрау. «Машина тоқтады – Пр-р-р». Машинаның түсін атау: «Қызыл машина». **Көркем әдебиет ойыны:** А. Бартоның «Ойыншықтар» топтамасы. **Барысы:** «Доп» туралы тақпақты оқу. «Доп қайда?», «Доп қандай?» (Үлкен, домалақ). Бала кейіпкердің (Таняның) көңіл-күйін суреттен көрсетіп, «Доп суға кетті» деп қайталайды. **Нәтиже:** Бала «Би-би», «Машина жүрді» деген сөздерді қосып айта бастайды. **Тіл дамыту, көркем әдебиет іс-әрекеті**
Таңертенгі жаттығу			**Жаттығу кешені: 1** **«Қанат қағу»:** Қолды екі жаққа жайып, жоғары-төмен сермеу. **«Дән шоқу»:** Тізені бүгіп жүрелеп отыру, саусақпен жерді «тоқ-тоқ» деп түрту.	**Жаттығу кешені: 2** **Күнге созылу»:** Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшына тұру. «Күн қандай биік!».	**Жаттығу кешені: 3** **«Аю жүрісі»:** Аяқты алшақ қойып, екі жаққа теңселіп, ақырын жүру. «Майпаң-майпаң».

			«Торғайлар секіреді»: Бір орнында қос аяқпен жеңіл секіру.	**«Күн сәулесі»:** Қолды алға созып, саусақтарды тез-тез ашып-жұму (шамдар сияқты). **«Шуақ шашамыз»:** Қолды белге қойып, оңға және солға бұрылу.	**«Аю бал жейді»:** Еңкейіп, қолды ауызға апару, сосын бойды түзеп «Рақмет» деу. **«Аю демалады»:** Жерге отырып, аяқты алға созып, саусақтарды қимылдату.
Таңғы ас			Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін уйрету**	Берілген асты ішіп болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету ,ас ішіп болған соң майлық қолдану қажет екенін көрсетіп үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Үстелде дұрыс отыру ережесін түсіндіру, берілген Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық			Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҰІӘ			**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Алға қарай ұмтыла секіру. **Міндеті:** Алға қарай ұмтыла қос аяқпен белгіленген затқа дейін (10-15 см) секіруді үйрету. **Барысы:** Еденге сәбіздің суретін қою. Балаға 10-15 см қашықтықтан «сәбізге жет» деп алға қарай секіруді ұсыну. **Нәтиже:** Бала бағытты сақтап, алға қарай секіре алады.	**Музыка** **Тақырыбы:** Әнді сахналау. **Міндеті:** Ойындар мен әндерді сахналау арқылы барлық үйренген қимылдарды (шапалақтау, айналу, сермеу) бекіту. **Барысы:** Таныс әуен («Көңілді балалар» немесе «Қошақаным») ойнайды. Балалар ән мәтініне сай қимылдарды бірге орындайды: қолды сермейді, шеңбермен жүреді, айналады және соңында жүрелеп отырады.	**Үнемдеу дағдыларын қалыптастыру** **Әдет: «Суды үнемде»**. Қол жуғанда суды қатты ағызбау, сабындағанда кранды жабу. «Су — байлық» екенін айту.

			Қаржылық сауаттылықты дамыту **Ойын: «Дүкенші».** Ойыншық жемістер мен көкөністерді «сатып алу». Ақша ретінде қиылған қағаздарды немесе түрлі-түсті қақпақтарды қолдану.	**Нәтиже:** Бала әуен мен сөздің мағынасына сай қимылдарды ретімен орындайды. **Қаржылық сауаттылықты дамыту** **Тәжірибе: «Тиын салғыш (Копилка)».** Бос құтыға тиындарды (немесе түймелерді) салып, оның сыңғырын тыңдау. «Ақшаны жинаймыз» деген түсінік қалыптастыру	
Екінші таңғы ас			«Жылы су, жылы су» тақпақ қайталау. : Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенге дайындық			Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен			**Серуен картотекасы №1** **Бақылау:** Аулаға ұшып келген торғайларды бақылау. Олардың шиқылдағанын («шық-	**Серуен картотекасы №2** **Бақылау:** Көгершіндерді бақылау. Олардың торғайдан үлкен екенін,	**Серуен картотекасы №3 "** **Бақылау:** Қарғаны бақылау. Оның «қар-қар» деген дауысын салу,

			шық») тыңдау, кішкентай екенін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Торғай не жейді?». Құстарға нан қоқымын немесе дән шашып, олардың қалай шоқитынын көру. **Еңбек:** Құстарға жем салу (тәрбиешімен бірге кормушкаға дән себу). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғайлар мен автомобиль».** **Барысы:** Балалар — «торғайлар», олар шеңберде («ұяда») отырады. Тәрбиеші: «Торғайлар ұшты!» дегенде, балалар қанат қағып жан-жаққа жүгіреді. Тәрбиеші «Автомобиль келе жатыр: би-би!» дегенде, торғайлар тез ұяларына тығылуы керек. **Шығармашылық:** Құм үстіне таяқшамен торғайдың ізін (сызықтар) салу. (Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)	«гу-гу» деп дыбыстайтынын тыңдау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Құс қауырсыны қандай?». Қауырсынды үрлеп, оның жеңіл екенін және ауада қалай қалықтайтынын көру. **Еңбек:** Көгершіндерге су құю (арнайы ыдысқа). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көгершіндер мен мысық».** **Барысы:** Балалар көгершін болып аулада «жүреді». Тәрбиеші (мысық) «Мияу!» деп шыққанда, көгершіндер ұшып барып орындықтарға (биікке) қонады. **Шығармашылық:** Құмнан көгершінге арнап «ұя» жасау (қолмен шұңқыр жасап, шөп салу). (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)	жүрісін (аяғын нық басып) қайталау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жылтыр заттар». Күн көзіне жылтыр қағазды (фольга) тосып, қарғаның назарын аудару, жарықтың шағылысуын көру. **Еңбек:** Ауладағы құрғақ бұтақтарды жинап, бір жерге үйю (құстар ұя салады деп түсіндіру). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарғалардың ұясы».** **Барысы:** Едендегі шеңберлерге қарғалар қонып отырады. «Қарғалар ұшты!» дегенде ұшады, «Ұяға!» дегенде әркім өз шеңберіне қос аяқпен секіріп түседі. **Шығармашылық:** Асфальтқа бормен қарғаға арнап «дөңгелек дән» салу. (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)
Серуеннен оралу			дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға	Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады тәрбиеші көмегімен Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді

			Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**
Түскі ас			Тамақ ішер алдында орындыққа өзі отырады. Бата айтқанда тәрбиешімен бірге «Әумин» дейді. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Күндізгі ұйқы			Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас» ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату
